

Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 ақпандағы N 191 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 8 а қ п а н д а ғ ы

N 1 9 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 008 "Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуді кредиттеу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1000000000 (бір миллиард) теңге сомасында кредит берудің (бұдан әрі - Қаражат) тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Кредит берудің тәртібі мен шарттары

2. Қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен мерзімділік, ақылылық, қамтамасыз етілу және қайтарымдылық шарттарында 7 (жеті) жыл мерзімге сыйақының жылдық 0,5 %-ына тең тіркелген ставкасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінеді.

3. Қаражат кейіннен лизингтің алуан түрлеріне беруге жататын ауыл шаруашылығы техникаларын (бұдан әрі - Техника) сатып алуға және Техниканы сатып алуға байланысты шығындарды өтеуге бөлінеді.

4. Қаражатты бөлу екінші деңгейдегі банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымға (бұдан әрі - Қарыз алушы) кредит беруі арқылы жүргізіледі.

Қарыз алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832

қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес айқындалады.

5. Қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Кредит беруші) Қарыз алушымен және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі - Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) бірлесіп кредиттік келісім (бұдан әрі - Кредиттік келісім) жасайды, онда республикалық бюджеттен Қаражат бөлу және оны осы Ережеге сәйкес қайтару тәртібі, Қарыз алушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету тәсілдері және өзге де ш а р т т а р а й қ ы н д а л а д ы .

6. Қарыз алушы, Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын және оның республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуы мен сыйақы ставкасының уақтылы өтелуін жүзеге а с ы р а д ы .

7. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне кейіннен Қарыз алушыға жіберу үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлу міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бірыңғай траншпен жүзеге асырылады.

8. Қарыз алушы Кредиттік келісіммен айқындалған тәртіппен және мерзімде Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне және Кредит берушіге растайтын құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып, бөлінген Қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

9. Қарыз алушы сатып алатын Техниканың номенклатурасы мен көлемін сатып алу сәтіне жасалған лизинг шарттары негізінде Қарыз алушы айқындайды.

3. Қаражаттың пайдаланылуын бақылау

10. Қаражаттың игерілуін, мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды Кредит беруші жүзеге асырады.

11. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушы сатып алатын Техниканың номенклатурасы мен көлемін, Қарыз алушының лизинг бойынша сыйақысының мөлшерін және лизинг мерзімін келіседі.